

**"Толысылған шарап (шарап материалы), сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 498 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 10 қарашадағы № 1184 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 14 қарашада № 33634 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Толысылған шарап (шарап материалы), сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 498 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12219 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Толысылған шарап (шарап материалы), сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өнімі өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы";

кіріспенің орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілсін, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған, толысылған шарап (шарап материалы), сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өнімі өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Толысылған шарап (шарап материалы), сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны

өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жаратқандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Толысылған шарап (шарап материалы), сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өнімі өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жаратқандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидалары";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Толысылған шарап (шарап материалы), сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өнімі өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жаратқандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіруді бақылауды қамтамасыз ету мақсатында "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және толысылған шарап (шарап материалы), сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жаратқандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Толысылған шарап (шарап материалы), сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өнімі өндірісінен басқа, этил спирті мен (немесе) алкоголь өнімдерін өндіру технологиялық желілері есепке алудың бақылау аспаптарымен (бұдан әрі – ЕАБА) жаратқандырылады.";

8-тармақтың 10) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"этил спирті мен (немесе) алкоголь өнімдеріндегі сусыз этил спиртінің концентрациясы (толысылған шарап (шарап материалы), сондай-ақ сыра қайнату өнімінен, шарап ашыту, бал қайнату өнімі және алкогольі аз сусындардан басқа) туралы";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Алкоголь өнімдерін, оның ішінде өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден жоғары сыра қайнату өнімі өнімдерін өндірудің технологиялық желісін есепке алудың бақылау аспаптарымен жаратқандыру, олардың жұмыс істеуін және есептеуді жүзеге асыру тәртібі";

29-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Арақтарды, айрықша арақтарды және тауардың шығарылған жерінің атауы қорғалған арақтарды, бал арақтары, жүзім арақтары, жеміс арақтары, спирт сусындары және дистиллятарды, толысылған шарап (шарап материалы) және өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден жоғары сыра қайнату өнімін қоспағанда алкоголь өнімін өндіру барысында есептеу үшін технологиялық желілерде ЕАБА, мыналардан:";

30-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден жоғары сыра қайнату өнімін өндіру барысында есептеу үшін технологиялық желілерде ЕАБА, мыналардан:";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Алкоголь өнімінің, өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден жоғары сыра қайнату өнімі шығынын өлшеуіш құбыр жолының көлденең учаскесінде құю автоматына барынша жақын орнатылады, ол өлшеу кезінде бүкіл қиылыстар бойынша үнемі толы болады. Құбыр жолының аралық ернеметтік ажыратқыштарына және алкоголь өнімдерінің, сыра қайнату өнімінің шығынын өлшеуішпен құю автоматының жалғастырушы ернемегі арасындағы басқа да қосылулар қолданылмайды.";

1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышында мынандай редакцияда жазылсын:

"Толысылған шарап (шарап материалы), сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өнімі өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарактандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларына 1-қосымша";

2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышында мынандай редакцияда жазылсын:

"Толысылған шарап (шарап материалы), сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өнімі өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілеріне есепке алудың бақылау аспаптарымен жарактандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларына 2-қосымша".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2024 жылдан 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы*  
*Премьер-Министрінің орынбасары -*  
*Қаржы министрі*

*Е. Жамаубаев*